

Қазақстан Республикасында жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 18-03/577 бұйрығын қараңыз.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 8-бабының 18) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізу ережесі б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының мынадай мемлекеттік органдары жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізу үшін жауапты болып белгіленсін:

1) аң аулау объектілеріне жатқызылған және өзге де шаруашылық мақсаттарда пайдаланылатын жануарлар бойынша, жәндіктер – орман зиянкестері және орман үшін пайдалы жәндіктер бойынша, Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар бойынша - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті;

2) балық ресурстары және балық аулау объектілеріне жатқызылған және өзге шаруашылық мақсаттарда пайдаланылатын басқа су жануарлары бойынша – Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті;

3) жәндіктер - өсімдік зиянкестері (орманның зиянкес жәндіктерінен басқа)

және ауыл шаруашылығы дақылдары үшін пайдалы жәндіктер бойынша - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 N 1102 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. "Қазақстан Республикасының аумағында жануарларға мемлекеттік санақ және жануарлар дүниесінің мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 21 тамыздағы N 1153 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 28, 345-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 5 қ а ң т а р д а ғ ы

N 1 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасында жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасында жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алу, оның кадастры мен мониторингі (бұдан әрі - есепке алу, кадастр мен мониторинг) жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және орнықты пайдалануды мемлекеттік басқару, сондай-ақ жануарлардың биологиялық әртүрлілігі мен мекендейтін ортасын сақтау мақсаттарында жүргізіледі. Есепке алу, кадастр мен мониторинг жануарлар дүниесінің жай-күйі мен географиялық жағынан таралуы, мекендейтін ортасы, саны, жүйелі түрде байқаулардың нәтижелері туралы

мәліметтердің жиынтығын, оларды шаруашылық мақсатта пайдалану туралы ақпаратты және басқа да деректерді қамтиды.

3. Жануарлар дүниесін есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін осы Ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында балық ресурстарын және басқа су жануарларын қоспағанда, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган және балық ресурстарын және басқа су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - тиісті уәкілетті органдар) жүргізеді.

Есепке алу, кадастр мен мониторинг жүргізу үшін мәліметтер жинауды тиісті уәкілетті органдар мен олардың аумақтық органдары жүзеге асырады.

Жануарлар дүниесін пайдаланушылар арнайы пайдалану кезінде жануарлар дүниесі объектілерінің санын есепке алады және тиісті уәкілетті органның аумақтық органына есеп береді.

4. Жануарлар дүниесін есепке алу, оның кадастры мен мониторингін жануарлардың топтары: сүтқоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер, балықтар, омыртқасыздар, соның ішінде жәндіктер бойынша республика үшін бірыңғай жүйе, әдістемелер және көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.

5. Жануарлар дүниесін есепке алу, оның кадастры мен мониторингін жүргізу: аң аулау объектілеріне жатқызылған және өзге де шаруашылық мақсаттарда пайдаланылатын жабайы жануарлар бойынша;

балықтар және балық аулау объектілеріне жатқызылған және өзге де шаруашылық мақсаттарда пайдаланылатын басқа да су жануарлары бойынша;

жәндіктер - өсімдік зиянкестері (орманның зиянкес жәндіктерінен басқа) және ауыл шаруашылығы дақылдары үшін пайдалы жәндіктер бойынша;

жәндіктер - орман зиянкестері және орман үшін пайдалы жәндіктер бойынша;

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар бойынша жүзеге асырылады.

6. Есепке алу, кадастр мен мониторинг жүргізілетін жануарлар түрлерінің тізбесін ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен келісе отырып тиісті уәкілетті орган айқындайды.

2. Жануарлар дүниесін есепке алуды жүргізу

7. Жануарлар дүниесін есепке алу мемлекеттік экологиялық сараптамамен келісілген және тиісті уәкілетті орган бекіткен бірыңғай әдістемелер бойынша жүзеге асырылады.

8. Жануарлар дүниесін есепке алу деректері Қазақстан Республикасы жануарлар дүниесінің кадастры мен мониторингін жүргізу үшін негіз болып табылады.

3. Жануарлар дүниесінің кадастрын жүргізу

9. Қазақстан Республикасы жануарлар дүниесінің кадастры табиғи еркіндік жағдайларында, еріксіз немесе жартылай ерікті жағдайларда республика аумағында тұрақты немесе уақытша мекендейтін жабайы жануарлар түрлерінің (түрлер топтарының) таралуы, биологиялық жай-күйі, саны, шаруашылық мақсатта пайдаланылу сипаты мен қарқындылығы туралы қажетті мәліметтер мен құжаттар жүйесін, сондай-ақ осы жануарлардың тіршілік ету жағдайлары (мекендейтін ортасы), жүргізілетін биотехникалық, қорғау, қалпына келтіру және өзге де іс-шаралар туралы негізгі деректерді қамтиды.

10. Қазақстан Республикасы жануарлар дүниесінің кадастрын құрайтындар мыналар болып табылады:

1) жануарлар дүниесінің гендік қор кітабы - ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган жүргізеді. Ол жануарлар дүниесін есепке алудың және оның кадастрының бірыңғай зоологиялық негізін қамтамасыз етеді және мынадай:

республика фаунасының құрамы;
жануарлар түрлерінің (түрлер топтарының) жүйелік жағдайы, олардың ғылыми атаулары туралы мәліметтерді;
жануарлардың таралуы және олардың саны;
экологиялық жүйелері мен популяцияларының таралуы жай-күйінің өзгеру үрдістері;

жануарларды шаруашылық мақсатта пайдалану туралы мәліметтерді қамтиды ;

2) аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерінің және өзге шаруашылық мақсаттарда пайдаланылатын жануарлар түрлерінің кадастр кітаптары - өздерінің аумақтық органдары, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемелер, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар беретін деректер бойынша балық ресурстарын және басқа су жануарларын қоспағанда, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган және ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган жүргізеді;

3) балықтардың және балық аулау объектілеріне жатқызылған басқа су жануарларының және балықтар мен өзге шаруашылық мақсаттарда пайдаланылатын басқа су жануарларының кадастр кітаптары - өзінің аумақтық

органдары, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар беретін деректер бойынша балық ресурстарын және басқа су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган және ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган жүргізеді;

4) омыртқасыз жануарлардың ауыл шаруашылық кадастры кітабы - өсімдіктердің зиянкес жәндіктері мен ауыл шаруашылығы үшін пайдалы жәндіктер туралы өзінің аумақтық органдары беретін деректер бойынша өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті орган және ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган жүргізеді;

5) омыртқасыз жануарлардың орман кадастры кітабы - өзінің аумақтық органдары, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар беретін жәндіктер - орман зиянкестері мен орман шаруашылығы үшін пайдалы жәндіктер туралы мәліметтерді қамтитын деректер бойынша орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган және ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган жүргізеді;

6) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің кадастры кітабы - Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар түрлері туралы өздерінің аумақтық органдары, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар беретін деректер негізінде тиісті уәкілетті органдар және ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган жүргізеді;

7) жануарлар дүниесін пайдаланушылардың жылдық есептері;

8) жануарлар санын есепке алу материалдары.

11. Жануарлар дүниесінің кадастры цифрлық геоақпараттық жүйелер негізінде жүргізіледі және Қазақстан Республикасы табиғи объектілерінің мемлекеттік кадастрлары бірыңғай жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Кадастр кітаптарын жүргізудің нысандары мен тәртібін тиісті уәкілетті орган анықтайды.

12. Кадастрлар шеңберінде алынған жануарлар дүниесі объектілерін есепке алу мен тіркеу нәтижелері Қазақстан Республикасы табиғи объектілері мемлекеттік кадастрларының бірыңғай жүйесіне тегін беріледі.

4. Жануарлар дүниесінің мониторингін жүргізу

13. Жануарлар дүниесінің мониторингі жануарлар дүниесі объектілерінің таралуын, санын, физикалық жай-күйін, олардың мекендейтін ортасының құрылымын, сапасын және алаңын жүйелі түрде байқау жүйесін білдіреді. Ол экологиялық жүйелер мен биологиялық сан алуандықты сақтау, жануарлар

дүниесін теңдестірілген дәрежеде және орнықты пайдалануды қамтамасыз ету үшін болып жатқан өзгерістерді анықтау және бағалау, теріс процестер мен құбылыстар салдарларының алдын алу және жою мақсаттарында жүргізіледі.

14. Жануарлар дүниесі мониторингінің деректері жануарлар дүниесінің кадастрын жүргізу үшін пайдаланылады.

Жануарлар дүниесінің мониторингін жүргізу тәртібі мен нысандарын қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органмен келісім бойынша тиісті уәкілетті органдар анықтайды.

15. Жануарлар дүниесі мониторингінің нәтижелері белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай жүйесіне енгізу үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органға тегін беріледі.

5. Есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізуді мемлекеттік бақылау

16. Есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізуге мемлекеттік бақылауды тиісті уәкілетті органдар, қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган және олардың аумақтық органдары жүзеге асырады.